

## «Мектепке жол» акциясы барысынан»

### Анықтама

Республикалық дәстүрлі өткізілетін «Мектепке жол» акция барысында мектебімізде бірнеше іс-шаралар атқарылды. Ағымдағы оқу жылында өткізілетін іс-шаралардың жұмыс жоспары құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар іске асырылды. Тамыз айынан бастап үйден оқитын, әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларын анықтау жұмыстары жүргізілді. Мектептің әлеуметтік-педагогы әлеуметтік мұқтаж оқушылардың тізімін жасақтап, аталған іс-шара бойынша жоспар құрылып бұйрық шығарылды. Мектепке жол» акциясы барысында мектебімізде әлеуметтік тізіміне көмекке 74 оқушы тіркелді. Бұл тізімге тек АСП алатын оқушылар мен әлеуметтік көмекке зәру оқушылар тіркелді. Мектептің әлеуметтік педагогы сынып жетекшілерімен тығыз жұмыс жасай отырып, сынып паспорты жасақталды. Мектеп бойынша діни ұстанымды оқушылар анықталмады. Мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Атырау қалалық полиция басқарамасына барып жаз мезгілінде мектеп бойынша құқық бұзушылық жасаған оқушыларды анықтай отырып, ондай оқушылар тіркелмегендігі баяндалды. Акция барысында демеуші компанияларға және кәсіпорындарға «Мектепке жол» акциясына қатысуға хабарламалар жіберілді.

«Жалпы білім беру қорынан» қаражат бөлініп, 40 оқушыға мектеп формасы, 20 оқушыға рюкзак пен кеңсе тауарлары берілді. Бұдан басқа 30 оқушы (15 қыз бала мен 15 ұл балаға) аяқ киім берілді.

Ата-аналар мен оқушылар акцияға қатысып алғыстарын білдірді.

/Мектеп директоры:



О.Хуандыкова

Орын: А.Кадыржанова

Әлеуметтік-педагог